

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN**

**Л.Н.ГУМИЛЕВ ағ. ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабыковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИН и Российской Академии Естествознания, заведующей кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабыковны.

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

1 часть

Астана – 2016

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE



Орынбор мемлекеттік университеті
Оренбургский государственный университет
Orenburg State University



Пенза мемлекеттік университеті
Пензенский государственный университет
Penza State University



Тыва мемлекеттік университеті
Тувинский государственный университет
Tuvan State University



БМУ бизнес пен технология менеджменті институты
Институт бизнеса и менеджмента технологий БГУ
School of business and management of technology of BSU



Ресей халықтар достығы университеті
Российский Университет дружбы народов
Peoples' Friendship University of Russia



ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИИ и Российской Академии Естествознания, заведующей кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабьковны.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабьковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

ӘОЖ 336.13.012.24 (574)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

«Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы» Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері- Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 .-374 б.

Труды международной научно-практической конференции «Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2016.-374с.

Works of the international scientific- practical conference "Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.-p.374.

Редакция алқасы:

САПАРОВА Б.С.– төрағасы, э.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

КУЧУКОВА Н.К. - төраға орынбасары, э.ғ.д., ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

САДВОКАСОВА К.Ж. – э.ғ.д., профессор , ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

АХМЕТЖАНОВА С.Б.- э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты

СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ.- ф.ғ.к., саясаттану PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры

КОРОЛЕВ Ю.Ю. – э.ғ.к., доцент, БМУ Бизнес пен технология менеджменті институтының «Бизнес-администрирование» кафедрасының меңгерушісі

ПАРУСИМОВА Н.И. – э.ғ.д., профессор, Орынбор мемлекеттік университетінің «Банковское дело и страхование» кафедрасының меңгерушісі

КУЗНЕЦОВА Т.Е. - э.ғ.к., доцент, Пенза мемлекеттік университетінің кафедрасының меңгерушісінің орынбасары

ДОНГАК Ч.Г. - э.ғ.к., доцент, Тыва мемлекеттік университетінің «Экономика и менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

ЖАМИЕВА А.Е. –хатшы, экономика магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының аға оқытушы

ISBN 978-601-7121-74-7 (ч.1)

ISBN 978-601-7121-71-6 (общ.)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2016

Литература:

1. Статистический бюллетень Министерства финансов Республики Казахстан за декабрь 2015 года
2. Галимтаева А.Ж. Особенности бюджетного анализа. – Алматы: Достык, 2011. – 86 с.
3. Свяневич П. Основы фискальной децентрализации. Справочное руководство для стран с переходной экономикой. Инициатива реформирования местного самоуправления и сферы государственных услуг. – Будапешт, 2011.

ӘОЖ 658.15(574)

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН КЕШЕНДІ БАҒАЛАУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Бұлақбай Жанат Мұқанбетжанқызы, доценті, э.ғ.к., Ібнажіпова Ш.З., магистранты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Инновациялық қызметке бағытталған отандық кәсіпорындардың жетістігі көп жағдайда менеджерлердің тәуекелді басқарудың икемді, бейімделген жүйесін құру және осы жүйенің қызмет ету тиімділігін кешенді бағалау әдістемесін қалыптастыру мүмкіндігіне байланысты.

Қаржылық тұрақтылық шарттары, күтілетін нәтижеге деген сенімсіздік, белгісіздік тәуекелді басқару сұрақтарын қарастыруда менеджмент жауапкершілігін жоғарылатады.

Кәсіпорында риск-менеджмент жүйесінің қызмет ету тиімділігі көбінесе корпоративтік құндылықтармен және тәуекелдерді басқарудың таңдалған саясатымен анықталады. Тәуекелдерді басқару жүйесін құрудың негізі риск-менеджментті қабылдау концепциясы кәсіпорынның корпоративтік мәдениет элементі ретінде қалануы тиіс. Дәл осы риск-менеджментті қабылдау концепциясы кешенді жүйе ретінде кәсіпорында инновациялық жобаларды іске асыру барысында тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылуына негізделген[1].

Инновациялық тәуекелдерді талдау кәсіпорынның инновациялық қызметіне неғұрлым сенімсіз және оның экономикалық қауіпсіздігіне қауіп келтіретін бағыттарды анықтауға көмектеседі.

Бұл талдау өзіне келесі әрекеттерді кіріктіреді:

- инновациялық қызметпен байланысты негізгі тәуекелдерді идентификациялау;
- инновациялық жобаны іске асыру үрдісінде кәсіпорын өзі көтере алатын инновациялық тәуекелдің жеткілікті және тиімді деңгейін белгілеу;
- тәуекелдердің бекітілген деңгейлерін асырмайтын басқарудың негізгі әдістерін анықтау;
- инновациялық қызметпен және жаңашылдықты қаржыландыру көздерімен байланысты шығындарды талдау.

Кәсіпорындағы тәуекелдерді басқару жүйесін құрудағы маңызды бағыт болып риск-менеджмент жүйесінің қызмет ету тиімділігін анықтау табылады.

Инновациялық тәуекелдерді басқару жүйесінің сапасы инновациялық саясатты жүзеге асыру туралы ішкі аудиттің тиісті органдарымен алынған ақпараттар негізінде экспертті әдіспен бағаланады. Бұған қажет ақпаратты жинаудың екі тәсілі бар:

- ішкі құжаттамаларды зерттеу;
- мамандар мен жетекшілердің жазбаша немесе ауызша сауалнамасы.

Инновациялық тәуекелдерді басқару жүйесінде бағаланатын негізгі элементтер болып мыналар табылады:

1. Тәуекелдерді басқару саясаты. Ол тәуекелді басқару мақсаттарын, стандарттарын және әдістерін кіріктіреді. Тәуекелдерді басқару саясаты инновациялық қызмет сипаттамасы немесе қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері өзгерген жағдайда қайта қаралуы және құжаттандырылуы тиіс.

2. Тәуекелді басқару үрдістері. Бұл үрдістер тәжірибелік іс-шараларды, жүзеге асырылатын бағдарламалар мен процедураларды білдіреді. Үрдістер сонымен қатар тәуекелдерді басқару бойынша қабылданған саясаттың іске асуын ішкі қадағалау қызметінің қаншалықты атқаратынын анықтауға мүмкіндік береді.

3. Тәуекелді басқаруға қатысатын персонал. Бұл тәуекелді басқару үрдісін іске асырушы және оны қадағалайтын мамандар мен жетекшілер.

4. Тәуекелді басқаруды қадағалау жүйесі. Жүйеге оның қызмет етуінің тиімділігін бағалау үшін менеджерлер қолданатын ақпараттық жүйелер және құралдар кіреді[2].

Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін экспертті бағалау үшін тәжірибелі құрал болып басқару жүйесінің негізгі элементтерінің сапа бағасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін

сауалнамалар табылады. Сауалнаманың үлгі түрі төмендегі 1-кестеде берілген.

Кесте 1 – Инновациялық тәуекелдерді басқару жүйесі жағдайының көрсеткіштері

№	Сұрақтар	Үлес салмағы	Балл
1	Кәсіпорында акционерлердің жалпы отырысымен бекітілген инновациялық тәуекелді басқару жүйесі бар ма?	3	
2	Тәуекелді басқару жүйесін әзірлеуде ішкі аудит қызметі барлық күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін ескерді ме? SWOT-талдаудың барлық нәтижесі тәуекелдерді басқару әдістерін даярлау мен оларды бағалауда ескерілді ме?	2	
3	Тәуекелдерді басқару жүйесіндегі жоспарлардың іске асуының реттілігі анықталған ба және олардың инновациялық стратегиялық шешімдерге сәйкестігінің келесілерге байланыстылығы: – инновациялық қызметтің жеке бағыттарының дамуы; – таңдалған инновациялық стратегиялар, бағыттар мен қызмет көлемінің мүмкіндіктер мен кәсіпорынның ресурстық базасына сәйкестігін қамтамасыз ету.	2	
4	Инновациялық тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін жасайтын кәсіпорын туралы жағымды қоғамдық пікірді қалыптастыру бойынша коммуникациялық саясат қаншалықты дамыған?	2	
5	Аудит қызметінің тәуекелдерді басқару жүйесімен анықталған мақсаттарға жету үшін жұмыс кестесі мен оған жауапты адамдарды қосқанда құжаттанған әрекеттер жоспары, құзыреттіліктер және реттеу жүйесі қарастырылған ба?	3	
6	Аталған қызмет бойынша жобаны қаржыландыру және еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету туралы тұрақты мониторинг жүргізіліп тұра ма?	2	
7	Күтпеген тәуекелдердің кенеттен пайда болуын алдын алу және қадағалау бойынша нормативтік құжаттар дайындалған ба?	3	
8	Кәсіпорында оның қаржылық тұрақтылығына қауіп келтіретін, төлемқабілетсіздікті тудыратын, қызмет етудің қаржылық нәтижелеріне кері әсер ете алатын күтпеген жағдайлардың пайда болуына әзірленген іс-шаралар жоспарланған ба?	3	
9	Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі кәсіпорын қызметкерлерінің мотивациясына әсер етуі қалай?	2	
10	Тәуекелдерді басқару жүйесі үрдісінде топ-менеджерлердің басқа бөлім қызметкерлерімен іскерлік қатынас орнаған ба?	2	

Кәсіпорындағы инновациялық тәуекелдерді басқару жүйесі жақсы нәтиже беруі үшін белгілі бір шарттарды орындау қажет. Бұл шарттардың бірі болып директорлар кеңесімен қабылданған минимизациялақ стратегиясы немесе инновациялық тәуекелдерді болдырмау және тәуекелдерді басқару жүйесінің ұйымдық құрылымға бейімделу қабілеті табылады.

Сауалнамадағы барлық сұрақтар төрт топқа (саясат, персонал, үрдістер, қадағалау) бөлінген және әр сұрақтың үлес салмағы берілген:

- 1-төмен мәнділік;
- 2-орташа мәнділік;
- 3-жоғары мәнділік.

Әр сұрақ жауабы үшін үш баллдық шкалаға сәйкес балл қойылады. Олар төмендегідей мәнде:

- 1-иә (тұрақты, толық көлемде);
- 2-жиі (әр кезде);
- 3-өте сирек (жеке жағдайларда);
- 4-жоқ (ешқашан, еш жағдайда).

Әр сұрақ тобы бойынша инновациялық тәуекелді ($k=1...4$) басқару жүйесі элементінің сапа индексі төмендегідей формула бойынша есептеледі:

$$CYP_k = \frac{\sum_{i=1}^n \text{балл} \times c_i}{\sum_{i=1}^n c_i},$$

мұндағы, n -топтағы сұрақтар саны,

балл-топтың i сұрағының жауабына баллдық бағалау,

ү.с.-топтағы i сұрақтың үлес салмағы.

Инновациялық тәуекелді басқару жүйесі тиімділігінің қорытынды көрсеткіші сапа индексінің орташа арифметикасы ретінде есептеледі:

$$TK = \frac{\sum_{k=1}^4 CYP_k}{4},$$

Тәуекелді басқару жүйесі тиімділігінің қорытынды көрсеткішінің мәні толық санға дейін домалақтанады да, тәуекелді басқару жүйесі ретінде интерпретацияланады:

1-жақсы;

2-қанағаттанарлық;

3-қанағаттанарлықсыз.

Инновациялық тәуекелді басқару жүйесі тиімділігін бағалау тоқсанына бір реттен кем жүргізілмеуі тиіс.

Инновациялық тәуекелдің жалпы көлемі оның көлемі және инновациялық тәуекелді басқару жүйесі тиімділігі көмегімен тәуекелдің жиынтық құнын көрсететін матрица арқылы анықтауға болады. Оны төмендегі 2-кестеден көре аламыз.

Кесте 2 – Инновациялық тәуекелдің жиынтық бағасы

Тәуекелді басқару жүйесінің сапасы	Тәуекел деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Жақсы	Төмен	Төмен	Өте төмен
Қанағаттанарлық	Төмен	Өте төмен	Жоғары
Қанағаттанарлықсыз	Өте төмен	Жоғары	Жоғары

Инновациялық тәуекелдің құрауыштарын анықтаған соң мамандар келесі тоқсанға әр көрсеткіш бойынша болжам жасап, олардың төмендеу, жоғарылаулары көмегімен қауіптілік деңгейін анықтайды[2].

Инновациялық тәуекелдерді басқару жүйесі оның тиімділігі туралы ойлап, қаншалықты кәсіпорында ішкі резервтер қолданылып, білікті мамандардың қызмет жасайтынын талдауға мүмкіндік береді. Инновациялық тәуекелдерді басқару тиімділігінің маңызды шарты болып кәсіпорын бөлімшелерінің бір-бірімен келісімдігі табылады[3].

Бұл әдістемені факторларды дәл анықтап, бағалау шкаласын маңыздылығына қарай икемді ете отырып отандық кәсіпорындарда инновациялық тәуекелдерді бағалауда және оны басқару жүйесінде тиімді ету үшін пайдалануға болады. Осылайша, ұсынылып отырған әдістеме кәсіпорын дамуының инновациялық стратегиясын сәтті жүзеге асыруға көмектесетін инновациялық тәуекелдерді төмендету бойынша басқару шешімдерін қабылдауда экспеттік бағалаудың негізділігі мен объективтілігін жоғарылатады. Сонымен қатар, тәуекелдердің қауіптілік деңгейін анықтай отырып, жалпы кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалап, ол бойынша тиімді басқару шешімдерін ұсына аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Воробьев С.Н., Балдин К.В. Управление рисками в предпринимательстве. М.: Дашков и К, 2005.
2. Смагулова Р. И., Мухамедова М. М. Тәуекелдерді басқару : оқу құралы / Р. И. Смагулова, М. М. Мухамедова – Павлодар : Кереку, 2009. – 67 б.
3. Яковлева, И.Н. Как оценивать финансовые риски компании на базе бухгалтерской отчетности / И.Н. Яковлева // Справочник экономиста. – 2008. – №5. – С.23–31.